

**«Ертістің киелі жерлеріне саяхат»
жас блогерлер облыстық конкурсының
ережесі
«Блогер» номинациясы**

1. Жалпы ереже

Патриотизм өз жеріне, ауылына, қаласына және кішкентай Отанына деген сүйіспеншіліктен басталуы керек. Отанның өмірімен және мәдениетімен танысу жас ұрпақты адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеуге, олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыруға, жоғары патриоттық сенімділікті қалыптастыруға, оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымына және замандастарының ерлік істерімен таныстыруға ықпал етеді, мәдениет пен ақыл-ой еңбегімен таныстырады, бейбіт тұрғындардың мінезі мен тәрбиесін қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Конкурс мақсаты

Оқушыларды журналистика саласына кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесіне саналы көзқарастарын қалыптастыру. Павлодар облысында ішкі туризмді дамыту мәселелерін шешуге қатысуға балаларды, жасөспірімдер мен жастарды тарту, балаларды, жасөспірімдер мен жастарды өз аймағының тарихын, географиясын, мәдениетін оқуға ынталандыруға бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру

3. Конкурс міндеттері

- Интернет кеңістігінде жасөспірімдердің өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау;
- ақпараттық-коммуникациялық мәдениетті қалыптастыру; әлеуметтік желілердегі талантты және белсенді жастарды анықтау; жастар үшін қызықты интернет-контентті дамыту;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтай отырып, олардың әлеуетін кеңейту;
- оқушылардың тақырыптық блогтар құру дағдыларын дамыту.

4. Конкурс ұйымдастырушылар

Конкурстың ұйымдастырушысы - М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы

5. Конкурс қатысушылары

Конкурсқа 1-11 сыныбында оқитын жалпы білім беретін мектептердің оқушылары, қосымша білім беру ұйымдары балалар шығармашылық бірлестіктерінің тәрбиеленушілері қатыса алады.

6. Конкурсты өткізу ережелері

Конкурс қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

Конкурс екі жас санатында өткізіледі:

- кіші жас санаты: 8-12 жас;
- жоғары жас санаты: 13-17 жас.

Конкурсқа қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

Жұмыстар мен өтінімдер aipova-0583@mail.ru поштасына жіберіледі.

Конкурсқа тек авторлық жұмыстар қатыса алады.

Бөтен жұмыстарды иемденуге, өз жұмысын басқа жұмыспен өзгертуге немесе көшіруге тыйым салынады. Адам құқықтарын бұзатын, жарнамалық сипаттағы, жалпыға бірдей қабылданған мораль нормаларын көрсететін не бұзуға шақыратын жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды. Қатысушы конкурсты өткізу қағидаларын бұзған жағдайда Ұйымдастырушы оған конкурсқа қатысудан бас тарта алады. Ұйымдастырушы алынған жұмыстарды коммерциялық емес пайдалану құқығын өзіне қалдырады. Конкурслық жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

7. Өткізу мерзімі: 1 сәуір - 23 сәуір 2021 жыл.

Қортынды: 30 сәуір 2021 жыл

8. Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар:

Қатысушылар aipova-0583@mail.ru электронды поштасына бейне ролик жіберіп, онда Павлодар облысының қасиетті жерлеріне саяхаттан алған әсерлерімен бөлісуі керек. Әр қатысушы өз аймағында бейнеблог түсіре алады, қасиетті жер туралы айта алады. Бейне блогта Павлодар облысына баратын басқа саяхатшыларға арналған кеңестер болуы мүмкін.

Бейнесюжеттің ұзақтығы - 2 минуттен аспауы керек. Бейненің тақырыбы және сипаттамасы болуы керек.

Бейнеблог түсіру үшін смартфондар, планшеттер, бейнекамераларды қолдануға болады. Монтаждау және түсірілім үшін арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану қатысушының қалауы бойынша жүзеге асырылады. Конкурслық материалда жарнама бірлігі, плагиат толық немесе ішінара болмауы керек. Осы шарт сақталмаған жағдайда, материал конкурсқа қатысудан аластатылады.

9. Шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийлері

- Конкурс материалының жарияланған тақырыпқа, сайыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі;
- байқау материалының және блогер жобасының позитивтілігі мен креативтілігі (идеяның жаңалығы, өзіндік ерекшелігі, ойлау икемділігі);
- көркемдік шеберлік;
- фактілердің эксклюзивтілігі және тақырыпты терең зерттеу;
- өнімнің техникалық сапасы;
- блогердің шеберлігі, тапқырлығы және шығармашылығы;
- мазмұндылығы;

- идеяны ұсынудың дәлдігі мен айқындылығы.
Авторлық құқықты сақтауға қатысушылар жауапты.

8. Конкурсқа қатысушыларды марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар әр жас санаты бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен, және қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

Электрондық дипломдар Оқушылар сарайының ресми сайтында орналастырылады <http://www.dshk.kz/>

Ең үздік жұмыстар Оқушылар сарайының әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

Байланыс телефоны: 32-85-12

Конкурс үйлестірушісі: М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы - Аипова Асем Сериковна.

**«Ертістің киелі жерлеріне саяхат»
жас блогерлер облыстық конкурсының
өтінімі**

Р/с	Қатысушының аты-жөні	Жасы	Жетекшінің аты-жөні телефоны	Облыс, аудан (қала), Білім беру мекемесі	Жұмыс атауы	Эл. пошта
1						